

2019–2021 жылдарға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 310 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 10 қаңтарда № 3-10-239 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2–7 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019 – 2021 жылдарға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 282 395 мың теңге;

салықтық түсімдер – 63 378 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 6 600 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 212 417 мың теңге;

2) шығындар – 282 395 мың теңге;

3) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 0 мың теңге.

2. Шұбарқұдық ауылдық округ бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып ескерілсін:

салықтық түсімдер:

ауылдық округтің аумағында тіркелген жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын кірістері бойынша жеке табыс салығы;

мүлкі ауылдық округтің аумағында орналасқан жеке тұлғалардың мүлік салығы;

жер учаскесі ауылдық округте орналасқан жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

ауылдық округте тіркелген жеке және заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

ауылдық округі аумағы арқылы өтетін республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

ауылдық округі аумағы арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

аудандық маңызы бар жалпыға бірдей ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

ауылдағы, кенттегі үй – жайлары шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру үшін төлемақы;

салықтық емес түсімдер:

ауылдық округ бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер.

3. Мәліметке және басшылыққа алынып, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтарынан бастап белгіленеді:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 525 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге.

4. Темір аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 303 "2019 – 2020 жылдарға арналған Темір аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне сәйкес аудандық бюджеттен Шұбарқұдық ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі 2019 жылға 168 376 мың теңге сомасында көзделген.

5. 2019 жылға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімі ескерілсін:

ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 16 331 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 4 291 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу Шұбарқұдық ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

6. 2019 жылға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімі ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 17 419 мың теңге.

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бейнебақылау камераларын орнатуға – 6 000 мың теңге.

7. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Қ. Есқалиев

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 310 шешіміне 1 – қосымша

2019 жылға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	282395
1			Салықтық түсімдер	63378
	01		Табыс салығы	30000
		2	Жеке табыс салығы	30000
	04		Меншікке салынатын салықтар	33164
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2554
		3	Жер салығы	2780
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	27830
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	214
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	214
2			Салықтық емес түсімдер	6600
	01	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6000
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6000
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	600
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	600
4			Трансферттердің түсімдері	212417
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	212417

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	212417
--	--	---	---	--------

Функционалдык тобы	К і ш і функционалдык тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	282395
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	48863
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	48863
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	48863
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48863
04				Білім беру	159663
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	159663
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	159663
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	133265
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	26398
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5537
	2			Әлеуметтік көмек	5537
		124		Аудандық маңызы бар қала,кент,ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5537
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5537
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	61532
	3			Елді-мекендерді көркейту	61532
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	61532
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14940
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10250
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	36342
13				Басқалар	6800
	9			Басқалар	6800

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6800
			040	Өңірлердің дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	6800
Функционалдық тобы	К і ш і функционалдық тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				III. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				IV. Бюджет тапшылығы	0
				V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0

Аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 310 шешіміне 2 – қосымша

2020 жылға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	241553
1			Салықтық түсімдер	62200
	01		Табыс салығы	30015
		2	Жеке табыс салығы	30015
	04		Меншікке салынатын салықтар	32185
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2535
		3	Жер салығы	2650
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	27000
2			Салықтық емес түсімдер	6620
	01	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5902
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5902
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	718
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	718
4			Трансферттердің түсімдері	172733
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	172733
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	172733

--	--	--	--	--	--

Функционалдык тобы	К і ш і функционалдык тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	241553
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	67691
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	67691
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	67691
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	67691
04				Білім беру	120456
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	120456
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	120456
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	120456
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5756
	2			Әлеуметтік көмек	5756
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5756
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5756
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	38100
	3			Елді-мекендерді көркейту	38100
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38100
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	19000
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13900
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5200
13				Басқалар	9550
	9			Басқалар	9550
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9550
			040	Өңірлердің дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға елді мекендерді жайластыруды	9550

				шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	
Функционалдық тобы	К і ш і функционалдық тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				III. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				IV. Бюджет тапшылығы	0
				V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0

Аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 310 шешіміне 3 – қосымша

2021 жылға арналған Шұбарқұдық ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	238431
1			Салықтық түсімдер	63074
	01		Табыс салығы	30889
		2	Жеке табыс салығы	30889
	04		Меншікке салынатын салықтар	32185
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2535
		3	Жер салығы	2650
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	27000
2			Салықтық емес түсімдер	6620
	01	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5902
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5902
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	718
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	718
4			Трансферттердің түсімдері	168737
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	168737
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	168737

Функционалдық тобы	К і ш і функционалдық тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	238431
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	66404
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	66404

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	66404
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	66404
04				Білім беру	115871
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	115871
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	115871
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	115871
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5756
	2			Әлеуметтік көмек	5756
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5756
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5756
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	43800
	3			Елді-мекендерді көркейту	43800
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	43800
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	22000
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	16800
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5000
13				Басқалар	6600
	9			Басқалар	6600
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6600
			040	Өңірлердің дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	6600
Функционалдық тобы	К і ш і функционалдық тобы	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				III. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				IV. Бюджет тапшылығы	0

			V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0
--	--	--	-----------------------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК